Сыр бойы

Қызылорда облыстық қоғамдық-саяси газет

1929 жылдың 1 шілдесінен шығады

4 маусым /СЕЙСЕНБІ / 2019 жыл

№81 (19759)

ПРЕЗИДЕНТ

Балалар мерекесіндегі мерейлі кездесу

Мемлекет басшысы Халықаралық балаларды қорғау күні еліміздің барлық өңірінен келген халықаралық және республикалық олимпиадалардың жеңімпаздарымен, оқу үздіктерімен, көпбалалы отбасылар балаларымен, балалар үйінің тәрбиеленушілерімен кездесті.

Әңгімелесу барысында Қасым-Жомарт Тоқаев балаларды мерекемен құттықтап, оларға оқуда табыс тіледі.

– Қазіргі заманда білімді және кәсіби маман болу өте маңызды. Білімді адамның шамасы бәріне жетеді. Сондықтан, сендердің жасыңда, ең бастысы, жақсы оқып, білім алу. Еліміздің лайықты азаматтары болатындарыңа сенімдімін. Сендерге бақыт тілеймін, – деді Қазақстан Президенті.

Оқушылар үшін «Ақорда» резиденциясында тақырыптық экскурсия ұйымдастырылды.

Көне Тараз тарихы зерттеле береді

Мемлекет басшысы кеше Жамбыл облысындағы жұмыс сапарын минералды тыңайтқыш өндіретін зауытты аралаудан бастады.

Қазақстан Президентіне қысқа мерзімде жылдық қуаты 300 мың тоннадан 500 мың тоннаға дейін минералды тыңайтқыш шығаратын технологиялық жүйенің жұмысы туралы мәлімет берілді.

Қасым-Жомарт Тоқаев сапар барысында «Көне Тараз» археологиялық саябағын аралады.

Мемлекет басшысына I-XIX ғасырлар аралығын қамтитын республикалық маңызы бар тарихи ескерткіш туралы баяндалып, өңірдегі археологиялық қазба жұмыстарының нәтижесінде табылған алтын, күміс тиындар, керамикалық қолөнер бұйымдары және басқа да құнды жәдігерлер таныстырылды.

– Көне Тараздың тарихы әлі де зерттеле береді. Бұл жұмыстарға тұрақты қолдау көрсетіледі. Бұл салада халықаралық деңгейдегі мамандар көп. Бізге университеттерде туризм бизнесі бойынша мамандар әзірлеуді қолға алу керек, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысы осыдан кейін облыс жұртшылығымен кездесті. Өңірдің ардагерлері, зиялы қауым, азаматтық қоғам және жастар өкілдері қатысқан жиында Қазақстан Президенті облыстың экономикалық мүмкіндіктерін атап өтіп, түйіні тарқатылмаған бірқатар мәселеге назар аударды.

САПАР

С.Омаров, министр: «Облыс әкімдігінің ұсыныстарын қолдаймын»

Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрі Сапархан Омаров жұмыс сапарымен облысқа келді.

Сапар барысында министр облыс орталығы мен аудандарда бірқатар агроөнеркәсіп кешендерін және су шаруашылығы нысандарын аралады. Сондай-ақ, дәстүрлі V малшылар слетіне қатысты.

Министрдің Сыр өңіріне сапары Арал ауданынан басталды. Онда «Көкарал» бөгетінің жұмысымен танысып, «Сырдария өзенінің арнасын реттеу және Арал теңізінің солтүстік бөлігін сақтау» жобасының екінші кезеңін жүзеге асыру мәселелері талқыланды. Естеріңізге сала кетейік, «Көкарал» бөгеті 2005 жылы пайдалануға берілген еді. 2017 жылы арнайы комиссия су жинау құрылғысының оң бөлігіндегі ақауларды анықтаған болатын. Бүгінгі күні бөгетті жөндеудің техникалық-экономикалық негіздемесі әзірленді.

Бұл мәселе осы жылдың 7 ақпанында Қауіпсіздік Кеңесінің отырысында да көтерілді. Кеңес қорытындысы бойынша Тұңғыш Президент – Елбасы Н.Ә.Назарбаев Қызылорда облысының әлеуметтік-экономикалық дамуының кешенді жоспарын әзірлеуді тапсырды. 28 мамырда ҚР Үкіметі құжатты бекітті. Аталған Кешенді жоспар өңірдің су шаруашылығын дамыту мәселелерін де қамтиды. Оның ішінде жалпы сомасы 14,7 млрд теңге болатын 15 іс-шараны іске асыру жоспарлануда. Атап айтқанда, бұл іс-шаралар «Көкарал» бөгетін сақтауға және Сырдария өзенінің арнасын қалпына келтіруге, сондай-ақ «Күміскеткен» және «Қараөзек» су қоймаларын салуға бағытталған.

Ауыл шаруашылығы министрі Арал ауданындағы балық өндеу зауытында да болды. Зауытта жылына 6 мың тонна өнім өндіріледі: мұздатылған балық, филе, стейк және басқа да балық өнімдері бар. Зауытта 60 адам, ал маусымында 100-ге жуық адам жұмыс істейді. Зауыттың өнімдері Ресей, Қытай, Өзбекстан, Польша, Грузия, Әзербайжан, Голландия, Германия және Данияға экспорттталады.

Сонымен қатар, министр Қазалы ауданындағы тәулігіне 30 мың тонна сүт өндіретін «РЗА» АҚ сүт-тауарлы кешенінің жұмысымен танысты.

Жалпы, «РЗА» акционерлік қоғамы – облыс көлеміндегі қуатты техникалық және өндірістік базасы, кәсіби шеберліктері жоғары мамандары, бай материалдық ресурстары бар беделді мекеме. Ұжымда нақты кезеңде 1300 адам тұрақты жұмыс істейді. Сонымен қатар, қоғамға қарасты «РЗА-Агро», «РЗА-Транс», «РЗА-Сүт», «РЗА-Асыл түлік» тәрізді серіктестіктері бар.

2-бет.

ДӘСТҮР

Малшылар слетінің мәртебесі өсіп келеді

Жаңақорған ауданында дәстүрлі V малшылар слеті өтті.

Шараға облыс әкімі Қырымбек Көшербаев, ҚР Ауыл шаруашылығы министрі Сапархан Омаров, «ҚазАгро» Ұлттық басқарушы холдингінің Басқарма төрағасы Ербол Қарашөкеев, қаржы институттары басшылары, мал шаруашылығы ғылыми-зерттеу институттарының жетекші ғалымдары, сондай-ақ Атырау, Ақтөбе, Батыс Қазақстан, Жамбыл, Қарағанды және Павлодар облыстарынан өкілдер қатысты.

Слет аясында жергілікті ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілердің өнімдері, ветеринарлық техника және жабдықтарының көрмесі ұйымдастырылды. Сонымен қатар, семинарда селекциялық мал шаруашылығын дамыту және ауыл шаруашылығы өнімдерінің бәсекеге қабілеттілігін арттыру мәселелері талқыланды.

«Бақытжан» ШҚ (мұнда «әулие-ата», «ақбас» және «ангус» тұқымды ірі қара мал өсіріледі) репродуктивті шаруашылық алаңында мал шаруашылығын дамытудың өзекті мәселелері бойынша семинар, бейресми кездесулер ұйымдастырылып, қатысушылар өзара тәжірибе алмасты.

Слеттің салтанатты ашылуында облыс әкімі Қырымбек Көшербаев соңғы жылдары мемлекеттік қолдаулардың арқасында мал шаруашылығында тұрақты даму тенденциясы қалыптасып, агроөнеркәсіп кешеніне бағытталған инвестициялар өсіп келетінін атап өтті. Мәселен, соңғы 5 жылда аграрлық салаға салынған инвестиция көлемі 27 есеге ұлғайып, экспортталатын өнім түрлері 3-тен 16-ға дейін артып отыр.

«Мал шаруашылығына тұрақты қолдаудың арқасында облыста мал басы өткен ғасырдағы ең көп болған 1993 жылдан асты. Соңғы 5 жылда ет өндірісі 2,8, сүт өндірісі 1,7 есеге артты. Елбасы «Аграрлық сектор – экономиканың жаңа драйверіне айналуы» қажеттігін ерекше атап көрсетіп, аграршылардың алдына еңбек өнімділігін және қайта өңделген өнімдердің экспортын 2,5 есеге арттыру туралы мақсат қойғанын жақсы білесіздер. Осы тапсырмаларды орындау мақсатында біз облыстың ауыл шаруашылығы өнімдерін өткізу рыноктарына кешендік маркетингтік зерттеулер жүргізіп, нәтижесінде, облыстың агроөнеркәсіп кешенін 2022 жылға дейін дамуының «Агрокартасы» әзірленіп, іске асырылуда. «Агрокарта» аясында ауыл шаруашылығы өнімдерін экспорттау көлемін 2021 жылға қарай 5 есеге дейін ұлғайту жолдарын айқындадық», – деді аймақ басшысы.

«Агрокарта» аясында мал шаруашылығы саласында бірқатар ірі жобалар іске асырылуда. Мәселен, «Сыбаға» бағдарламасы аясында шет елдерден асылтұқымды ірі қара мал жеткізіліп, облыста 8 репродуктивтік шаруашылық ұйымдастырылған. Сонымен бірге, аймақ халқын сапалы экологиялық таза табиғи өнімдермен қамтамасыз ету үшін 1200 басқа арналған сүт өндіру кешенінің, мың басқа арналған екі бордақылау алаңының құрылыстары жүргізілуде. Ет, сүт шаруашылығын дамытумен қатар, облыста 5 құс шаруашылығы ұйымдастырылып, жұмыртқа өндірісі 1,6 есеге артты.

«Осылайша, облыста ет экспортын қамтамасыз етудің негізі қаланды деп айтуға болады. Өңірде жылына 25 мың бас мүйізді ірі қара малын бордақылайтын ірі және орта мал бордақылау алаңдары жұмыс жасайды. Облыстың ауысыл ауруынан буферлік аймақтан шығуының арқасында Иранға, Біріккен Араб Әмірлігіне, Моңғолияға, Ресейге, Өзбекстанға тірілей қозы, ірі қара малдарын етке экспорттау басталды. Ет өнімдерінің экспортын ұлғайту үшін биыл жылына 5 мың тонна ет өнімдерін өндіретін, халықаралық стандарттарға сәйкес келетін ет комбинаты іске қосылатын болады. Келешекте ет-сүйек ұнын өндіретін, балық жемін шығаратын және жүн, тері өңдейтін өндірістерді дамыту жоспарлануда», – деді облыс басшысы.

Бұл ретте министр Сапархан Омаров: Барлық салалық ұйым өкілдерінің қатысуымен өткен осындай ауқымды шараға қатысқанымға қуаныштымын. Мемлекеттік «Сыбаға» бағдарламасын кезінде алғашқылардың бірі болып Қызылорда облысының қолдап, жүзеге асырғанын және жақсы нәтиже көрсеткенін ерекше атап өткім келеді, – деді.

Дәстүр бойынша слет аясында аграрлық саланың үздік қызметкерлері марапатталды.

Іс-шара концерттік бағдарлама мен ұлттық спорт түрлері сайыстарымен жалғасын тапты.

Кешенді жоспар: Алдағы міндеттердің ауқымы кең

Өткен аптада Үкімет Қызылорда облысын әлеуметтік-экономикалық дамытудың 2019-2022 жылдарға арналған Кешенді жоспарын бекітті. Бұл құжаттың аймақ үшін маңызы зор болғандықтан, оны іске асырудың тетіктері облыс әкімі Қырымбек Көшербаевтың төрағалығымен облыс әкімдігінің мәжілісінде талқыланды. Мәжіліс басталмас бұрын аймақ басшысы бірқатар кадрлық өзгерістермен таныстырды.

Гүлжазира ЖАЛҒАСОВА.

Облыс әкімінің орынбасары Қ.Ысқақовтың айтуынша, Кешенді жоспар 12 бөлімнен, 119 іс-шарадан құралған. Құны – 219,7 млрд теңге. Оның 156,7 млрд теңгесі республикалық бюджеттен, 50,6 млрд теңгесі жергілікті бюджеттен, 12,4 млрд теңгесі басқа көздерден қарастырылған.

Баяндамашы өнеркәсіп, ауыл шаруашылығы, кәсіпкерлік, көлік инфрақұрылымы, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, экология және табиғатты пайдалану, халықты әлеуметтік қорғау, денсаулық сақтау, спорт салаларына, су тасқынына қарсы іс-шараларға, тұрғын үй құрылысына, инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымды дамытуға бағытталған жұмыстарға тоқталды.

– Кешенді жоспарда қарастырылған, әсіресе 2019 жылғы іс-шаралар бойынша салалық министрліктермен, ең бастысы, Қаржы министрлігімен тығыз жұмыс жасап, әр позицияда қаралған қаржыны республикалық бюджеттен бүтіндей облысқа келуін қамтамасыз ету қажет, – деді ол.

Облыс әкімінің орынбасары Е.Кимнің айтуынша, Кешенді жоспарда тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық саласына қатысты газбен, сумен және жылумен қамтуға, су тартуға арналған 35 іс-шара бар. Алдағы 2020 жылдың соңына дейін Жосалы, Жалағаш, Тереңөзек және Жақсықылыш кентіндегі 45 мың тұрғын газбен қамтылады. Ал 2021 жылдың аяғына қарай Қазалы қаласы, Төретам мен Ақай ауылдары, 2022 жылы қала іргесіндегі Наурыз, Махамбет ауылдары және Арал ауданындағы Сексеуіл қыстағы газға қосылады.

Соңғы жылдары аймақта 32 шақырым жылу желісі қайта жаңғыртылған. Ал Кешенді жоспарда жылу-электр орталығын кеңейту және жаңғыртуға, Қызылорда қаласының жылу желілеріне 22,8 млрд теңге қаржы қаралған. Сумен жабдықтау және суды тартуға арналған 14 іс-шара орындалғанда 111 мың адам үздіксіз және сапалы сумен қамтамасыз етіледі.

Алдағы 4 жылда 70 көпқабатты үй салынып, 24-і әлеуметтік аз қамтылған азаматтарға, 34-і көпбалалы отбасыларға арналады. Ал 12-сі кредиттік тұрғын үй. Инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылым саласында құны 2,9 млрд теңгенің жұмыстары атқарылады.

Сонымен қатар Үкімет Қызылорда қаласының Бас жоспарын бекіткен еді. Қала аумағы 20 528 гектарға жетті. Тасбөгет және Қызылжарма елді мекендері қала шекарасынан шығарылып, «Сабалақ» және «Бәйтерек» тұрғын аудандары, Сырдарияның сол жағалауы даму аймағына енгізілді. Оған қоса Кешенді жоспар бойынша 858 шақырым автокөлік жолы жөнделеді.

Аталған құжаттың әлеуметтік салаға қатысты іс-шараларын облыс әкімінің орынбасары Р.Рүстемов таныстырды. Алдағы уақытта экологиялық апат және Арал маңы аймағында тұратын әйелдердің босануға дейінгі және босанғаннан кейінгі демалыс күндерін ұзарту бойынша зерттеу жүргізіледі. Әзірге бастама қолдау тапты. Тиісті министрлік осы бағытта жұмысын жалғастыруда.

2-бет.

САЛТАНАТ/2

Өнерлі жастар шеруі

ОҚЫС ОҚИҒА/3

Су – тілсіз жау

ҚАЗАҚ КҮРЕСІ/4

Жерлестерімізге жеңіс тілейміз

2019 жылдың екінші жартыжылдығына "Сыр медиа" ЖШС қарасты газеттерге жазылу жүргізілуде.

№81 (19759) 4 маусым, сейсенбі 2019 жыл

Кешенді жоспар: **алдағы міндеттердің ауқымы кең**

Сонымен қатар Арал өңіріндегі экологиялық апаттарға байланысты аурулардың тізбесін анықтау, қазақстандық, шетелдік ғалымдардың тәжірибесін қолданып зерттеулер жүргізу қажет. Бұл жобаны іске асыру үшін Энергетика, Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау, Денсаулық сақтау министрліктерінен ведомствоаралық іс-қимыл комиссиясы құрылып, атаулы медициналық-әлеуметтік көмек берілетін азаматтар санатын қалыптастыру тәртібін анықтауы тиіс.

Кешенді жоспарда денсаулық сақтау саласында 3 нысан құрылысын салу көзделген. Қазалы ауданы Әйтеке би кентінде ауысымына 250 келушіге арналған аудандық емхана, мемлекеттік-жекешелік әріптестік шеңберінде Сырдария өзенінің сол жағалауынан бой көтеретін 500 төсектік көпбейінді облыстық аурухана, қан орталығының құрылысы жоспарланды.

Спорт саласы нысандары инфрақұрылымын дамыту үшін Қызылорда қаласында байдарка және каноэ есу базасы, сол жағалауда көгалдағы хоккей алаңы, Тасбөгет, Жосалы, Жалағаш, Шиелі кенттері және Ақай ауылында дене шынықтыру-сауықтыру кешендері бой көтереді.

Мәжілісте облыс әкімінің орынбасары М.Имандосов өнеркәсіп пен кәсіпкерлік саласын дамытуға байланысты қамтылған 12 іс-шараны баяндады. Өткен жылы облыста өндірілген 6,3 млн тонна мұнайдың 75%-і ішкі нарыққа жіберілді. Мұндай бөліністе мұнайшылардың жылдық табысы бұрынғыдан да төмендеуі мүмкін. Мұнай компанияларының ішкі нарықтағы жүктемелерін төмендету үшін Энергетика министрлігі, «ҚазМұнайГаз», «ҚазТрансОйл» АҚ-мен экспорттық квоталар үлесін 50%-ке дейін ұлғайтуға жұмыс жасалуда.

Мұнай кеніштерінің табиғи сарқылуына байланысты жаңа кен орындарын барлау мен зерттеу маңызды. Кешенді жоспарда 3 шөгінді бассейінді геологиялық барлауға қаражат қарастырылды. Келесі шара – «Байкен-U» серіктестігінің өндірістік қуатын жаңғырту. Жаңғырту жұмыстары қомақты қаржыны қажет ететіндіктен, ең алдымен ғылыми-зерттеу жұмыстары жүргізіледі. Серіктестіктің жүктелімін 2021 жылдан бастап ұлғайту жоспарлануда.

Кәсіпкерлік және өнеркәсіп саласына қатысты 2 инвестициялық жоба – «Арал Сода» және «Сенім табиғат» серіктестіктеріне инфрақұрылым жеткізуге қаржы қарастырылып отыр. Кешенді жоспардың Кәсіпкерлікті дамыту бөлімінде бизнес ортаны жақсарту, жұмыссыз және өзін-өзі жұмыспен қамтыған азаматтарды кәсіпкерлікке тарту мақсатында 6 іс-шараны іске асыру жоспарланған. Оның ішінде кәсіпкерлердің кредиттері бойынша сыйақы мөлшерлемелерін субсидиялау, банктердің кредиттері бойынша ішінара кепілдік беру, жаңа бизнес-идеяларды іске асыру үшін шағын кәсіпкерлік субъектілеріне мемлекеттік гранттар беру, жас кәсіпкерлерге мемлекеттік гранттар беру қарастырылған.

Облыс әкімінің орынбасары Б.Намаев агроөнеркәсіп кешенінде жүзеге асатын жобалар бойынша хабарлама жасады. Мемлекеттік-жекешелік әріптестік аясында суармалы жерлердің көлеміне жаңа 80 мың гектар жерлерді енгізу арқылы 300 мың гектарға жеткізу, сонымен қатар ауыл шаруашылығы өнімдері өндірісінің өсуіне ықпал ететін 3 өндірісті қосу жоспарлануда. Олар – қызанақ өсіру және оның концентратын шығару, Қызылорда қаласында қуаты 5 мың тонналық ет комбинатын салу, ет бағытындағы заманауи құс фабрикасын салу жобалары. Құны 3 млрд теңгеге жуықтайтын бұл жобалардың барлығы кәсіпорындардың өз қаражаттары есебінен жүзеге асырылады.

«Байқоңыр» кешенінде арнайы экономикалық аймақ құру жалпы өңірдің экономикасын өсіруге оң ықпал етеді. Бүгінде «Байқоңыр» АЭА құрудың тұжырымдамасы әзірленді. Негізгі мақсат – жол-көлік инфрақұрылымын, ғарыш өнеркәсібі мен туризмді дамыту.

Мәжілісте облыстық білім басқармасының басшысы М.Мелдебекова Ұлттық бірыңғай тестілеуге дайындық барысы туралы айтты. Жақында аяқталған оқу жылында 11-сыныпты 5754 оқушы бітірді. Бітірушілер 28 мамырдан бастап мектеп қабырғасында 5 пән бойынша мемлекеттік емтихан тапсыруда. 12 маусым күні «Аттестат тапсыру» кештері өткізіледі.

Ұлттық бірыңғай тестілеуге қатысуға 4143 түлек өтініш берді. Жыл бойы жұмыс жасайтын «Талдысу», «Қамбаш» лагерьлерінде бітірушілердің барлығы қосымша дайындық курстарынан өтті. Пән мұғалімдері мектеп бітірушілерді арнайы кестеге сәйкес дайындады.

Алдағы 20 маусым мен 5 шілде аралығында 9 тестілеу пунктінде ҰБТ өткізіледі. Тестілеу пункттері талапқа сай жабдықталған, сынақ өткізуге дайын. Тасымал, тамақтану және жатын орынға жергілікті бюджеттен қаржы бөлінді. Ресей Федерациясындағы 4 жоғары оқу орнына түсуге 628 бітіруші емтихан тапсырды. Нәтижесі шілде айында белгілі болады. Білім және ғылым министрлігі жалпы 50985 мемлекеттік грант бөліп отыр.

Облыс әкімі көтерілген әрбір мәселені жіті зерттеп, тиісті басшыларға Кешенді жоспардың әрбір тармағы бойынша нақты жұмыс атқаруды тапсырды. Сондай-ақ, мектеп бітірушілердің өмірі мен денсаулығына қатысты қауіпсіздік шараларын пысықтап, сынақ тапсырушыларға барлық жағдай жасауды құзырлы органдарға жүктеді.

1-бет.

Өнерлі жастар шеруі

1 маусым – Халықаралық балаларды қорғау күні мерекесіне орай орталық алаңда «Рухы біліммен жаңғырған Сыр жастары» атты жастар мен балалар шеруі өтті.

«Достық» үйінен орталық алаңға дейінгі шеруге облыс және қаланың орта білім беру мекемелері, қосымша білім беру ұйымдары және колледж студенттері, барлығы 8720 жас қатысты.

Шеру «Сыр елі музыкалық композициясымен басталып, М.Мәметова атындағы педагогикалық жоғары колледждің өнер ұжымының «Мәншұқ маршымен» жалғасты. Шеру тізбегін әрі қарай өзге де колледж ұжымдары, үздік оқушылар, олимпиада жеңімпаздары, үздік спортшылар жалғастырды.

Шеруге облыс әкімінің орынбасары Руслан Рүстемов қатысып, барша жас өренді мерекемен құттықтап, болашақта биік белестерді бағындыруға сәттілік тіледі.

«СБ» ақпарат.



С.Омаров, министр: **«Облыс әкімдігінің ұсыныстарын қолдаймын»**

Ауданның көптеген тұрғыны аталған ұжымда тұрақты еңбек етіп, отбасыларын асыраса, салыққа да қомақты түсім түсіріп отыр. Бірнеше іргелі ауылдың басты инвесторы.

Айта кетерлігі, 660 бас мүйізді ірі қараға арналған сүт-тауарлы кешен мен 30 мың тонна сүт өнімдерін қайта өңдеу зауыты біршама уақыт бұрын пайдалануға берілген болатын. Содан бері еңбек ырғағы қалыпты. «Дәмді» сауда маркасымен пастерленген, ультрапастерленген сүт, айран, каймақ, ірімшік, сары май, сыр сияқты өнімдер шығарылады. Келешекте сапасы жоғары, тұтынушы талғамынан табылатын йогурт, майлы айран, сүзбе ірімшік және балмұздақ шығару жоспарда бар. Бағасы көңілге қонымды өнімдер облыс аумағында және Маңғыстау, Атырау, Ақтөбе, Батыс Қазақстан облыстарына сатылады.

Кешеннің өндірістік жұмысымен танысып, автоматты түрде ұйымдастырылған жұмыс процесін көрген қонақтар сүтті саудан бастап қайта өңдеу, сақтау және тасымалдауды ұйымдастыру қызметінің жайкүйіне қанықты. Өз кезегінде «РЗА» АҚ президенті Самұрат Имандосов министр Сапархан Омаровқа мал шаруашылығын дамыту бағытындағы бірқатар мәселелерді жеткізді.

С.Омаров Қармақшы ауданында «Қорқыт Ата» мемориалдық кешеніне барып, музейдің жаңартылған экспонаттарымен танысты. Айта кетейік, Қармақшы ауданында 1980 жылдары Түркі әлеміне ортақ рухани ұстаз Қорқыт атаның құрметіне мемориалдық кешен салынған. 2014 жылы ҚР Тұңғыш Президенті –Елбасы Н.Назарбаевтың тапсырмасымен кешенге қайта жаңғырту жұмыстары жүргізіліп, қосымша жаңадан зиярат ету нысаны салынды. Мемориалдық кешен «Батыс Еуропа - Батыс Қытай» халықаралық автомагистралінің бойында орналасқан. 2018 жылдың қараша айында Порт-Луи қаласында (Маврикий Республикасы) ЮНЕСКО-ның 13-сессиясында Қорқыт ата мұрасын адамзаттың материалдық емес мәдени мұрасының репрезентативтік тізіміне енгізу туралы шешім қабылданған болатын.

Мұнан кейін ҚР Ауыл шаруашылығы министрі 1956 жылы салынған «Қызылорда» су торабына барды. 2022 жылға дейінгі облысты дамытудың Кешенді жоспарында «Қызылорда» су торабын жөндеу қарастырылған. Соның нәтижесінде оның апаттық мәселесі шешілетін болады. Егер су торабы бұзылған жағдайда 110 мың гектар суармалы жер мен 250 мың гектар жайылымдық жер және облыстың 3 ауданы аумағындағы шабындықтарды сумен қамту бұзылып, Қызылорда қаласы мен 400 мыңнан аса адам тұратын 35 елді мекенді су басуы мүмкін.

– Екі күннен бері Қызылорда облысының су шаруашылығы нысандарын аралап шықтым. Облыс әкімдігінің ұсыныстарын қолдаймын. Қазір бірлесіп жұмыстар жасалуда. Алдағы бюджеттің қайта қаралымында қаржы бөлінетін болады, – деді ҚР Ауыл шаруашылығы министрі С.Омаров.

1-бет.

***

Облыс әкімі Қырымбек Көшербаев пен ҚР Ауыл шаруашылығы министрі С.Омаров іссапармен Шиелі, Жаңақорған аудандарында болды.

Онда алдымен Сырдария өзені жағалауындағы көлдер жүйесінің қазіргі жағдайы да назарға алынды. Ал, басты мәселе – «Күміскеткен» көлдер жүйесі маңынан жаңа су қоймасын салу. Бұл жөнінде облыс әкімінің бастамасын Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев қолдағанын айтқан жөн. Ол туралы Президент жуырда Сыр өңіріне жасаған сапары кезінде мәлім етті. Жобаны білікті мамандар да қолдап отыр.

Сондай-ақ, «Күміскеткен» су қоймасының салынуымен дарияның сол жағалауында орын тепкен Қарғалы – Ботабай ауылдары аралығындағы 65 шақырым жол бөлігін де жаңғыртуға мүмкіндік тумақ. Бұл Сырдария өзенінің сол жағалауындағы елді мекендерді жалғастырып, егін, мал, балық шаруашылықтары мен өнеркәсіп, туризм салаларын өрістетуге кең жол ашады.

Сапар кезінде облыс басшысы министрге Төменарық елді мекені тұсындағы үрлемелі су тоспасы жұмысын таныстырды.

Өзен арнасында су аз болған жағдайда аудандағы егін алқабын суландыру үшін қажетті тоспаның тиімділігі жайында мамандар да пікір айтты. Үрмелі тоспаның ықпалымен оңтүстік аудандарда пайдаланылмайтын 60 мың гектар егістік және жайылымдық жерлерді игеруге мүмкіндік туды.

– Мамыр айының ортасынан бері «Шардара» су қоймасынан келетін су көлемі азайғандықтан үрлемелі су тоспасы іске қосылып, қажетті су көлемі алқаптарға жіберіле бастады. Сырдария өзенінен қазір секундына 450 текше метр су өтуде, – дейді Шиелі аудандық су шаруашылығы мекемесінің басшысы Абдулла Мақұлбеков.

Сапар барысында министр мен әкім сала және аудан басшыларымен пікірлесті. Нақты кезеңде негізгі міндет – биылғы егілген егісті судан қалдырмай, дақыл молшылығын жүзеге асырып, азық-түлік бағасының қолжетімділігін тұрақтандыру.

ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің жұмыс сапары қаржы институттары басшыларының, мал шаруашылығы бойынша ғылыми-зерттеу институттарының жетекші ғалымдарының және Қазақстанның 6 облысынан келген делегаттар қатысқан дәстүрлі малшылар слетімен қорытындыланды.

ТАҒАЙЫНДАУ

ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫНЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК КІРІСТЕР ДЕПАРТАМЕНТІНІҢ БАСШЫСЫ

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің бұйрығымен Орынов Ғалымжан Қалдықөзұлы Қызылорда облысының мемлекеттік кірістер департаментінің басшысы лауазымына тағайындалды.

Ғ.Орынов 1975 жылы туған. Қазақ тұтыну кооперация институтын, Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік және Шымкент университеттерін бітірген.

1996 жылдан бастап мемлекеттік кірістер органдарында қызмет атқарып келеді.

2007-2011 жылдары – Кентау қаласы бойынша салық басқармасының бастығы.

2011-2018 жылдары – Оңтүстік Қазақстан облысы бойынша мемлекеттік кірістер департаменті басшысының орынбасары.

2018 жылдан бастап осы кезге дейін Қаржы министрлігі Мемлекеттік кірістер комитетінде Қаржылық қамтамасыз ету басқармасының басшысы лауазымында қызмет атқарып келді.

ҚЫЗЫЛОРДА МЕМЛЕКЕТТІК МҮЛІК ЖӘНЕ ЖЕКЕШЕЛЕНДІРУ ДЕПАРТАМЕНТІНІҢ БАСШЫСЫ

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің бұйрығымен Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитетінің Қызылорда мемлекеттік мүлік және жекешелендіру департаментінің басшысы лауазымына Мұстафаев Серік Жолдасбекұлы тағайындалды.

С.Мұстафаев 1960 жылы туған. Қазақ ауылшаруашылық институты мен Қазақ гуманитарлық заң университетін бітірген.

Еңбек жолын 1981 жылы Қызылорда қалалық қаржы бөлімінің аға экономисі ретінде бастаған.

1997-2014 жылдары – Қызылорда қаласы бойынша салық басқармасының бастығы, Қызылорда облысы бойынша салық департаменті бастығының орынбасары.

2014 жылдан бастап осы кезге дейін Қызылорда облысы бойынша мемлекеттік кірістер департаментінің басшысы лауазымында қызмет атқарып келді.

ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫНЫҢ ТАУАРЛАР МЕН КӨРСЕТІЛЕТІН ҚЫЗМЕТТЕРДІҢ САПАСЫ МЕН ҚАУІПСІЗДІГІН БАҚЫЛАУ ДЕПАРТАМЕНТІНІҢ БАСШЫСЫ

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі жауапты хатшысының бұйрығымен Байменова Ғалия Абсадыққызы Қызылорда облысының тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің сапасы мен қауіпсіздігін бақылау департаментінің басшысы лауазымына тағайындалды.

Ғ.Байменова 1963 жылы туған. Иркутск мемлекеттік медициналық институтын «Фармацевт-провизор» мамандығы бойынша бітірген.

Осы лауазымға тағайындалғанға дейін Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі Фармация комитетінің Қызылорда облысы бойынша департаментінің басшысы қызметін атқарып келді.

ОБЛЫСТЫҚ ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ БАСҚАРМАСЫНЫҢ БАСШЫСЫ

Облыс әкімінің өкімімен Абдусаметов Жақсылық Әбілқасымұлы облыстық денсаулық сақтау басқармасының басшысы лауазымына тағайындалды.

Ж.Абдусаметов 1969 жылы туған. Ақтөбе мемлекеттік медициналық институтын «Дәрігер педиатр» мамандығы бойынша бітірген.

Еңбек жолын 1994 жылы Жаңақорған ауданындағы Төменарық ауылдық учаскелік ауруханасының дәрігері ретінде бастаған.

2002-2004 жылдары – Сүттіқұдық жанұялық дәрігерлік емханасының аға дәрігері, Жаңақорған аудандық емханасының бөлім меңгерушісі.

2004-2018 жылдары – Жаңақорған аудандық емханасы бас дәрігерінің орынбасары, бас дәрігер, облыстық денсаулық сақтау басқармасы басшысының орынбасары.

2018 жылдан бастап осы кезге дейін Шиелі ауданаралық ауруханасының бас дәрігері қызметін атқарып келді.

ОБЛЫС ӘКІМІ АППАРАТЫ БАСШЫСЫНЫҢ ОРЫНБАСАРЫ

Облыс әкімі аппараты басшысының орынбасары қызметіне Ерсұлтанов Әділбек Бөрібайұлы тағайындалды.

Ә.Ерсұлтанов 1976 жылы туған.

Абай атындағы Алматы мемлекеттік университетін «Тарихшы-архивтанушы» және Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетін «Экономика және бизнес» мамандықтары бойынша бітірген.

Еңбек жолын Қармақшы аудандық қоғамдық өрт сөндіру бірлестігінің жұмысшысы ретінде бастаған.

2002-2009 жылдары Қызылорда қаласының әкімдігінде жауапты қызметтер атқарған.

2009-2015 жылдары – облыс әкімі аппараты Ұйымдастыру-инспекторлық жұмыс және аймақтық даму бөлімінің бас инспекторы, бөлім меңгерушісі, облыстық мұрағаттар және құжаттама басқармасы басшысының орынбасары, Қармақшы ауданы әкімінің орынбасары.

2015-2017 жылдары – Қызылорда қалалық ішкі саясат бөлімінің басшысы, «Нұр Отан» партиясы облыстық филиалы төрағасының орынбасары.

2017 жылдың қараша айынан бастап осы кезге дейін облыстық мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасы басшысының орынбасары қызметін атқарып келді.

Түркі жұртын біріктірген таңдаулы жоба

РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ

Сыр топырағында Түркі жұртының басын қосқан таңдаулы жоба – «Парасатты поэзия» халықаралық фестивалі өтті. Дәстүрлі шара облыс әкімі Қырымбек Көшербаевтың қолдауымен өмірге келген еді. Елбасының «Рухани жаңғыру» идеясын арқау еткен поэзия фестивалінің түпкі мақсаты: қазақ поэзиясын парасат биігіне көтеріп, жалпы түркі әдебиеті деңгейінде танылуына жағдай жасау. Әлбетте, бұл бастама бауырлас елдер арасында шығармашылық байланысты арттыра түсетіні даусыз. Олай дейтініміз, Түркия, Қырғызстан, Әзербайжан, Татарстан мемлекеттерінен келіп, айтулы шараға ат қосқан ақындардың лебізінен қазақ еліне, қасиетті Сыр топырағына деген ерекше бір жылылық есіп тұрғандай...

Ғазиза ӘБІЛДА.

Биылғы «Парасатты поэзия» фестивалі қазақ поэзиясының падишасы, Мемлекеттік сыйлықтың иегері Фариза Оңғарсынова мен жерлесіміз, көрнекті ақын, аудармашы, халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының иегері Жарасқан Әбдірашұлының шығармашылығына арналды. Дәстүрлі шараға Фариза Оңғарсынованың сіңлісі Алмагүл Оңғарсынова, ақынның ұлы Алмас Оңғарсынов, сондай-ақ, ақын Жарасқан Әбдіраштың ұлы белгілі кинорежиссер Рүстем Әбдірашев пен немересі Әбілхайыр Әбдіраш қонақ болды.

Фестивальге қырғыз елінің айтулы ақыны Қарбалас Бакиров, Түркия елінен ақын, публицист, Түркия және Әзербайжан Жазушылар одағының мүшесі Мехмед Нури Пармаксыз, Әзербайжан және Еуразия Жазушылар одағының мүшесі, ақын Хаял Рза, Татарстаннан ақын, журналист, «Казан утлары» тарихи танымдық журналының бас редакторы Рустам Галиуллин, сондай-ақ, есімі ел аузындағы әйгілі қазақ ақындары Серік Ақсұңқарұлы, Мейірхан Ақдәулет, Ғалым Жайлыбай, Шаһизада Әбдікәрімов, Байбота Қошым-Ноғай, Бүркіт Базарбай, Бақытжан Алдияр, Елубай Әуезов бастаған Ұларбек Нұрғалым, Ақберен Елгезек, Қалқаман Сарин, Мирас Асан, Бекзат Смадияр, Мақпал Мыса сынды өлең өлкесінде өзіндік өрнегі бар жас ақындар қатысты. Олардың қатарында Сырдың сыршыл ақындары Толқын Қабылша, Асылзат Арыстанбек, Ақжол Түменбай, Назгүл Бердікожа, Биболат Сәтжан отты жырларымен оқырман ықыласына кенелді.

Фестиваль қонақтарын облыс әкімі Қырымбек Көшербаев қабылдады. Кездесуде облыс әкімі аймақтың әлеуметтік-экономикалық дамуы, сонымен бірге, рухани жаңғыру аясында жүзеге асырылып жатқан жаңа жобалар жайында әңгімелеп, жалпы Сыр халқының бүгінгі тыныс-тіршілігінен хабардар етті. Алаштың анасы – Сыр өңірінен бастау алған «Парасатты поэзия» фестивалінің алғашқы олжасы – «Ұлы дала үні» жыр жинағымен таныстырды.

– Жуырда Қырғызстанның астанасы Бішкек қаласындағы баспадан қазақ ақындарының қырғыз тілінде «Ұлы дала үні» атты өлеңдер кітабы жарық көрді. Әлем ақыны Олжас Сүлейменов, қазақ поэзиясының тарландары Қ.Мырзалиев, Т.Молдағалиев, М.Шаханов, Ұ.Есдәулет, Е.Раушановтан бастап бүгінгі жастар шығармашылығын қамтыған жыр жинағы жарыққа шықты. Парасатты поэзия туындыларын қырғыз ақындары Бақтыгүл Чотурова, Қарбалас Бакиров тәржімалап, баспаға әзірледі. Жыл сайын фестиваль аясында бұл жұмыстар жалғасын табатын болады, – деді облыс әкімі.

Кездесу барысында Түркия, Әзербайжан, Қырғызстан және Татарстан мемлекеттерінен келген ақындар сөз алып, айтулы шараның Түркі жұртының арасындағы рухани байланысты нығайта түсетініне зор сенім білдіріп, аймақ басшысына алғыстарын жеткізді. Сол күні шара қонақтары «АРАЙ СИТИ» сауда орталығының кинозалында жерлесіміз, белгілі кинорежиссер Рүстем Әбдірашевтің «Қазақ хандығы. Алтын тақ» көркем фильмінің премьерасын тамашалады.

«Парасатты поэзия» фестиваліне қатысушы ақындар көші үш топқа бөлініп, Сыр бойының барлық аудандарын аралап, жырсүйер қауыммен жүздесті. Айталық, Қорқыт ата мемориалдық кешені, «Байқоңыр» ғарыш айлағы, Сығанақ қалашығының орнында болып, сондай-ақ, қазақ әдебиетінің көзі тірі классигі Ә.Нұрпейісов атындағы әдебиет үйіне, жыр дүлдүлі Нартай Бекежанов, дала академигі Ыбырай Жақаевтың мұраларына көңіл аударған қонақтар, алты алаштың анасы атанған Сыр өлкесінің таңғажайып тарихымен тереңірек танысты. Айта кетейік, Түркі жұртына ортақ Қорқыт абыздың мемориалдық кешенінде бауырластардың жүзінен бөлек бір толқыныста байқағандай болдық. Ақындар тобына жетекшілік жасап келе жатқан Шаһизада Әбдікәрімов ағамыз осынау тарихи орынның іргетасы кешегі кеңестік кезеңде қаланғанын айтып, қысқаша тарихынан хабардар етті.

Сыр өңіріндегі өзінше тарихы бар, жүз жырау шыққан киелі мекен – Жаңажол ауылына ат басын бұрған ақындар Дүр Оңғар атындағы ауылдық мәдениет үйіндегі поэзия кешіне қатысып, жастайынан өлең-жырмен сусындап өскен ауыл халқының алғаусыз қошеметіне бөленді. Осынау сапар барысында тағдыры әлем назарында тұрған Арал теңізінің тарихы ақындардың жан дүниесін толқытқаны заңдылық болса керек. Сол сияқты, Байқоңыр қаласында қолға алынған игі бастамаларға да ризашылықтарын білдірді.

Үш күнге созылған «Парасатты поэзия» халықаралық фестивалінің қорытынды кеші Н.Бекежанов атындағы облыстық драма театрында өтті. Салтанатты шарада сөз алған аймақ басшысы Қырымбек Көшербаев жұртының сөзін жүрегімен тербеткен ақындар тілегі Тұран топырағында жыл сайын тоғысатынын атап өтті. Елбасының Рухани жаңғыру идеясының аясында өмірге келген бұл бастаманың түбі бір түркі халқының тарихи, рухани болмысын айшықтап, әдебиет әлемінде алтын көпір орнататынына риясыз сенім білдірді. Сондай-ақ, шара аясында Жарасқан Әбдіраштың «Дала, сенің ұлыңмын» атты кітабының тұсауы кесілді.

Осынау шара аясында ақындар көші қалың оқырманмен жүздесіп, оның бер жағында бір-бірімен етене танысып, шығармашылық байланыс орнатуға мол мүмкіндік алды. Әсіресе, Қорқыт ата атындағы ҚМУ және «Болашақ» университетінің студенттерімен кездесуде жас толқынның өлең-жырға деген өзгеше ықыласын аңғарғандай болдық.

Сонау Қорқыт бабамыздың қоңыр сарыны қалған сардала – Сыр өңірінде ауыз әдебиеті арқылы саф қалпында сақталған кешегі Тұрмағамбет, Дүр Оңғар, Балқы Базар, Нұртуған, Нартай сынды шайырлардың жыр мұрасы бір-біріне ұқсамайтын өзіндік өрнегімен оқшау тұратыны рас.

Арада неше ғасырлар өтсе де жыр сарыны жалғаса беретінін уақыттың өзі айқындап отыр. Яғни, жаһандық технология жадымызды жаулап, ақпараттар ағыны тасқындап жатыр десек те, сөз құдыреті шектелген жоқ. Замана сарынын, дәуір дабылын арқау етіп, ой орамы мен көңіл алаңын өлеңжырмен өрнектеген ақындар легі үзілмей жалғасып келеді... Жалғаса да береді.

Хабарландыру

Қызылорда облысының білім басқармасы «Қызылорда облысының білім басқармасының «Арал көпсалалы колледжі» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорын директорының бос лауазымына орналасуға конкурс жариялайды.

Орналасқан орны (мекенжайы): 120100, Қызылорда облысы, Арал ауданы, Арал қаласы, Әйтеке би тұйығы, №16 А. **«Қызылорда облысының білім басқармасының «Арал көпсалалы колледжі»** коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны.

Конкурсқа қатысушыларға қойылатын талаптар:

1) жоғары білім;

2) «Педагог қызметкерлер мен оларға теңестірілген тұлғалардың лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2009 жылғы 13 шілдедегі №338 Бұйрығына сәйкес жоғары білім, білім беру ұйымындағы немесе оқу орнының бейініне сәйкес ұйымдарда басшы лауазымда еңбек өтілі 5 жылдан кем болмауы тиіс;

3) «Денсаулық сақтау ұйымдарының бастапқы медициналық құжаттама нысандарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушының 2010 жылғы 23 қарашадағы №907 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №6697 болып тіркелген) бекітілген нысан бойынша денсаулық жағдайы туралы анықтама;

4) соттылығының жоқ екені туралы анықтама.

Лауазымдық міндеттері: Қазақстан Республикасының заңнамасына және білім беру ұйымының жарғысына сәйкес оқу-әдістемелік, ғылыми-әдістемелік, әкімшілік-шаруашылық және қаржы-экономикалық қызметіне басшылық жасайды.

Оқу жұмыс жоспарлары мен бағдарламаларын, оқу процесінің кестесін, ішкі тәртіп ережесін бекітеді. Білім беру ұйымының басқару құрылымын, штаттық кестесін, қызметкерлерінің лауазымдық нұсқаулықтарын бекітеді. Білім алушылардың контингентін қалыптастырады, олардың әлеуметтік қорғалуын қамтамасыз етеді. Техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарында қоғамдық тамақтандыру, медициналық қызмет көрсету ұйымдарының жұмыс істеу және олардың жұмысына бақылауды ұйымдастыру үшін қажетті жағдайлармен қамтамасыз етеді.

Жұмыс берушілермен және әлеуметтік әріптестермен жүргізілетін жұмысты ұйлестіреді. Қолда бар мүліктер мен құралдарға билік жүргізеді, оқу-материалдық базаны толтыруды және оның есебі мен сақталуын, санитарлық-гигиеналық ережелер тәртібінің сақталуын қамтамасыз етеді. Материалдық-техникалық базаны қайта жарақтауды және қайта құруды ұйымдастырады. Педагогикалық кеңестің жұмысын басқарады. Білім беру ұйымының оқыту қызметінің саласын дұрыс ұстау және кеңейту мақсатында инновациялық білім технологияларын енгізуді және тартуды қамтамасыз етеді.

Кадрларды іріктеу мен орналастыруды жүзеге асырады, педагогикалық және тәрбие процесінің қажетті деңгейін қамтамасыз етеді, олардың біліктілігі мен кәсіби шеберлігін арттыру үшін жағдай жасайды.

Үздіксіз кәсіптік оқыту жөнінде білім беру ұйымдарымен бірлескен жұмыс бойынша жалпы басшылықты жүзеге асырады.

Жұртшылықпен байланысты қамтамасыз етеді, ата-аналармен (олардың орнын басушы адамдармен) жүргізілетін жұмысты ұйлестіреді. Жоғары тұрған, қоғамдық және өзге де ұйымдарда білім беру ұйымының мүддесін білдіреді.

Әлеуметтік серіктестік және халықаралық ынтымақтастықты кеңейту жөніндегі шараларды жүзеге асырады. Уәкілетті органға (құрылтайшыға) оқу, ғылыми және қаржылық қызмет нәтижелері туралы жыл сайынғы есепті ұсынады. Еңбекті қорғау, техникалық қауіпсіздік жөніндегі заңнамалық және өзге де нормативтік құқықтық актілер талаптарын орындауды қамтамасыз етеді және қауіпсіз еңбек етуге жағдай жасайды.

Білуге міндетті: Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының Азаматтық Кодексін, Қазақстан Республикасының Салық Кодексін, Қазақстан Республикасының «Білім туралы», «Мемлекеттік кәсіпорын туралы», «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы», «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» заңдарын, білім беруді дамытудың мемлекеттік бағдарламаларын, білім алушылардың білім және тәрбие беру мәселелері бойынша басқа да нормативтік-құқықтық актілерін; педагогика және психология негіздерін, қазіргі педагогтік ғылым мен тәжірибе жетістіктерін; басқарудың инновациялық әдістерін; экономика негіздерін, қаржы-шаруашылық мәселелерін; құқық негіздерін, еңбек туралы заңнаманы, еңбекті қорғау, техника қауіпсіздігі және өртке қарсы ережелер мен нормаларын.

Біліктілікке қойылатын талаптар: жоғары білім, білім беру ұйымындағы немесе оқу орнының бейініне сәйкес ұйымдарда басшы лауазымда еңбек өтілі 5 жылдан кем болмауы тиіс.

Лауазымдық жалақысы

Қызмет атқарған жылдарына байланысты лауазымдық жалақысы еңбек өтіліне қарай 83 883-101 757 (экологиялық коэффициентті қоспағанда) теңге аралығы.

Конкурсқа қатысу үшін қажетті мәліметтерді мына мекен-жайы бойынша білуге болады:

Қызылорда облысы әкімдігінің «Қызылорда облысының білім басқармасы» мемлекеттік мекемесі, 3-қабат, 327-кабинет. Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, құрылыс 1, индекс 120002. Байланыс телефон: 8/7242/ 60-54-56, эл.почта: bilim@korda.gov.kz

Конкурс «Мемлекеттік орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының басшыларын конкурстық орналастыру және мектепке дейінгі, орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын және қосымша білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын мемлекеттік білім беру ұйымының басшысы лауазымына конкурстық тағайындау қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 21 ақпандағы №57 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2018 жылғы 28 қыркүйектегі №510 бұйрығына сәйкес өткізіледі.

Білім беруді басқару органы хабарлама жарияланған күннен бастап **жеті жұмыс күні** ішінде бос лауазымға орналасу үшін мынадай құжаттарды қабылдауды жүзеге асырады.

Конкурсқа қатысу үшін тапсырылатын құжаттар:

1) Білім беруді басқару органы басшысының атына тұрғылықты тіркеу орнын, нақты тұратын жері, байланыс телефондары көрсетілген конкурсқа қатысуға өтініш;

2) жеке тұлғаны куәландыратын құжаттың көшірмесі;

3) білім туралы мемлекеттік үлгідегі құжаттың көшірмесі;

4) еңбек қызметін растайтын құжаттың көшірмесі;

5) кадрларды есепке алу жөніндегі жеке парақ және фото;

6) ескертпелер мен көтермелеулерді көрсете отырып, бұрынғы жұмыс орнынан өндірістік мінездеме;

7) біліктілік санаты және ғылыми дәрежесі туралы құжаттың көшірмесі (болған жағдайда);

8) «Денсаулық сақтау ұйымдарының бастапқы медициналық құжаттама нысандарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушының 2010 жылғы 23 қарашадағы №907 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №6697 болып тіркелген) бекітілген нысан бойынша денсаулық жағдайы туралы анықтама;

9) соттылығының жоқ екендігі туралы анықтама;

10) тестілеуден өткендігі туралы анықтама (болған жағдайда);

11) колледжді дамытудың перспективалық жоспарын ұсынуы қажет.

Конкурсқа қатысу үшін ұсынылатын құжаттардың көшірмелері жұмыс орнының кадр қызметі немесе білім беру ұйымының жауапты қызметкері тарапынан куәландырылады және мөрмен куәландырылады.

Көзделген құжаттар топтамасы толық ұсынылмаса, кандидаттың Конкурсқа қатысу үшін берген құжаттарын қабылдаудан бас тартылады.

Конкурсқа қатысу үшін кандидат білім беруді басқару органының қарауына өзінің кәсіби жетістіктері, біліктілігін арттыруы, ғылыми зерттеулері, өзінің педагогикалық тәжірибесін жинақтауы, наградалары туралы материалдарды ұсынуға құқылы.

Конкурс үш кезеңде өткізіледі.

1) конкурсқа қатысушылардың біліктілігін бағалау;

2) облыстың білім беруді басқару органдарымен кандидаттарды келісу;

3) білім беруді басқару органының конкурстық комиссиясының отырысында әңгімелесу.

Комиссия Қазақстан Республикасының заңнамасын, бала және жасөспірімдер жасының психологиясын, ұжымдағы басқару және іскер өзара іс-қимыл психологиясын, кадрлық менеджмент және қызмет этикасы мәселелері бойынша теориялық білім деңгейін айқындау, сондай-ақ үміткердің педагогикалық жетістіктерін, кәсіби және жеке қасиеттерін, ұйымдастырушылық қабілеттерін, болжанатын лауазым қызметінің перспективасын айқындауға қатысты ақпаратты нақтылау, болжанатын лауазым перспективасын айқындау мақсатында білім беру мекемесі ведомстосы және қарамағында болып табылатын білім беруді басқару органының Комиссиясы әңгімелесу өткізеді. Комиссия әңгімелесу өткізу тәртібін өзі айқындайды.

Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымының басшысы лауазымына кандидаттарға қойылатын біліктілік талаптар «Педагог қызметкерлер мен оларға теңестірілген тұлғалардың лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2009 жылғы 13 шілдедегі №338 Бұйрығына сәйкес айқындалады.

Конкурстың барлық кезеңдері аяқталғаннан кейін Комиссия **үш жұмыс күні** ішінде бір үміткерді айқындайды және оның кандидатурасын лауазымға бекіту үшін конкурс жариялаған білім беруді басқару органының білім басқармасының басшысына ұсынады.

Конкурстан өтпеген кандидаттарды білім беруді басқару органы **үш жұмыс күні** ішінде конкурс қорытындысы туралы жазбаша хабардар етеді.

Конкурс жариялаған білім беруді басқару органының басшысы **үш жұмыс күні** ішінде оң нәтиже алған конкурс қатысушысымен төрт жыл мерзімді ұзарту құқығы бар шартты жасасады және жұмысқа қабылдау туралы бұйрық шығарады.

Қызылорда облысы білім басқармасының конкурстық комиссиясы.

(ҚР Білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті Қызылорда облысының білім саласындағы бақылау департаментінен 2014 жылдың 22 сәуірінде №14005604 лицензиясы берілген)

ОҚЫС ОҚИҒА

Су – тілсіз жау

Екі күн ішінде 3 адам суға кетті. Тілсіз жаудың құрбанына айналған адамдардың екеуі – бала. Оқыс оқиға туралы жауапты сала маманы өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен баспасөз конференциясында мәлімдеді.

Мөлдір ҚАЛЫМБЕТ.

Облыстық төтенше жағдайлар департаментінің бастығы Омар Бержановтың айтуынша, 30 мамырда «Мерей» шағын ауданындағы Сырдария өзені аумағында бір адамның батып кеткені жөнінде хабарлама түскен. Оқиға орнына құтқарушылар келіп жеткеннен кейін мәселенің мән-жайы анықталыпты. Колледжде оқитын 4 жас дарияның суға түсуге рұқсат етілмеген аумағына шығады, осылайша бірінің аяқ-қолы тартылып қалған. Нәтижесінде ол ескі жағажайдан 300 метр қашықтықта судың құрбанына айналды. Ең өкініштісі – осыған ұқсас жағдайдың көп ұзамай тағы қайталануы.

– Титов қыстағы Рисмаш аумағында орын алған қайғылы жағдай қабырғамызды қайыстырды. Ескі целлюлоза және картон зауытының алаңында бұрын балық өсіретін орын болған. Сол маңда 4 және 8 жас аралығындағы төрт бала ойнап жүреді. Барлығы ата-анасының қадағалауынсыз қалған. Олардың ішіндегі 4 жастағы жеткіншек бетон ішіндегі суға құлап кетеді. Оны 8 жастағы ағасы құтқаруға қол ұшын созады. Алайда, ол да суға кетеді. Соның салдарынан екеуі де көз жұмды, – деді Омар Бержанов.

Департамент басшысы былтыр да 22 адам ажал құшқанын еске салды. Оған қауіпсіздік шараларын сақтамау, ересектердің балаларды бақылаусыз қалдыруы, рұқсат етілмеген аумақта шомылу себеп болған. Осыған қарап, тұрғындар мамандар кеңесін елей бермейтін секілді деген ой келеді. Ал, оның арты қайғыға душар етері анық. Сондықтан әрдайым қауіпсіздікті бірінші орынға қою қажет. Сақтансаң, сақтайды. Әр азамат өз өмірі үшін жауапты екенін ұмытпағаны абзал.

ЖОБА

«Қызылорда облысы бойынша іске асырылуы жоспарланатын жергілікті мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобаларының тізбесін бекіту туралы» Қызылорда облыстық мәслихатының 2017 жылғы 15 ақпандағы №89 шешіміне толықтырулар енгізу туралы

«Мемлекеттік-жекешелік әріптестік туралы» Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 31 қазандағы Заңының 24-бабының 1) тармақшасына сәйкес Қызылорда облыстық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. «Қызылорда облысы бойынша іске асырылуы жоспарланатын жергілікті мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобаларының тізбесін бекіту туралы» Қызылорда облыстық мәслихатының 2017 жылғы 15 ақпандағы № 89 шешіміне (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 5748 нөмірімен тіркелген, облыстық «Сыр бойы», «Кызылординские вести» газеттерінде 2017 жылғы 11 наурызында және Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілердің эталондық бақылау банкінде 2017 жылдың 18 наурызында жарияланған) келесідей толықтырулар енгізілсін:

аталған шешіммен бекітілген Қызылорда облысы бойынша іске асырылуы жоспарланатын жергілікті мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобаларының тізбесі мынадай мазмұндағы жолдармен толықтырылсын:

«42. Қызылорда қаласы СПМК-70 мөлтек ауданында 320 орынға арналған балабақшаның құрылысы және пайдалануға берілуі (2020-2024 жылдарға).

43. Қызылорда қаласындағы «Қызылорда облысының денсаулық сақтау басқармасының «Арнайы медициналық жабдықтау базасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің жылу жүйесін жаңғырту және сервистік қызмет көрсету (2020-2022 жылдарға).

44. «Қызылорда облысының білім басқармасының «Арал индустриалды-техникалық колледжі» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны мен Арал қаласындағы «Қызылорда облысының білім басқармасының «№ 2 облыстық арнайы санаториялық мектеп-интернаты» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің жылу жүйесін жаңғырту және сервистік қызмет көрсету (2020-2022 жылдарға).

45. Арал қаласындағы Қызылорда облысының мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасының «Қызылорда облысының мемлекеттік архиві» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің Арал аудандық филиалы мен Айтеке би кентіндегі «Қызылорда облысының денсаулық сақтау басқармасының «Амбулаториялық-емханалық қызметі бар Қазалы аудандық орталық ауруханасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорнының жылу жүйесін жаңғырту және сервистік қызмет көрсету (2020-2022 жылдарға).

46. «Қызылорда облысының білім басқармасының «Шиелі индустриалды-аграрлық колледжі» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны мен Шиелі кентіндегі «Қызылорда облысының білім басқармасының «Облыстық балаларды оңалту орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің жылу жүйесін жаңғырту және сервистік қызмет көрсету (2020-2022 жылдарға).

47. Шиелі кентіндегі «Қызылорда облысының денсаулық сақтау басқармасының «Амбулаториялық-емханалық қызметі бар Шиелі аудандық орталық ауруханасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны мен Қызылорда облысының мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасының «Қызылорда облысының мемлекеттік архиві» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің Шиелі аудандық филиалының жылу жүйесін жаңғырту және сервистік қызмет көрсету (2020-2022 жылдарға).

48. «Қызылорда облысының білім басқармасының «Жаңақорған аграрлы-техникалық колледжі» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны мен «Жаңақорған ауданы әкімінің аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесі әкімшілік ғимаратының жылу жүйесін жаңғырту және сервистік қызмет көрсету (2020-2022 жылдарға).

49. Жаңақорған кентіндегі «Қызылорда облысының денсаулық сақтау басқармасының «Амбулаториялық-емханалық қызметі бар Жаңақорған аудандық орталық ауруханасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны мен Қызылорда облысының мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасының «Қызылорда облысының мемлекеттік архиві» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің Жаңақорған аудандық филиалының жылу жүйесін жаңғырту және сервистік қызмет көрсету (2020-2022 жылдарға).

50. Қызылорда қаласы Ақжарма ауылдық округінде 150 орынға арналған мәдениет үйінің құрылысы және пайдалануға берілуі (2019-2023 жылдарға).».

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі

Қызылорда облыстық маслихатының ___-сессиясының төрағасы, облыстық маслихат хатшысы Н. Байқадамов.

«Дарын» мемлекеттік жастар сыйлығына байқау жарияланды

Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі Қазақстан Республикасы Үкіметінің «Дарын» мемлекеттік жастар сыйлығына байқау жариялайды.

«Дарын» мемлекеттік жастар сыйлығы – ғылым, шығармашылық, қоғамдық қызмет салаларында жемісті еңбегімен көзге түскен, сондай-ақ жоғары спорттық жетістіктері үшін дарынды жастарды мемлекет тарапынан қолдау мақсатында жыл сайын ұсынылады.

Байқау әдебиет, ғылым, дизайн және бейнелеу өнері, журналистика, классикалық музыка, қоғамдық қызмет, спорт, театр және кино, эстрада, халық шығармашылығы номинациялары бойынша өтеді. Сыйлық алуға халықаралық және республикалық конкурстардың, фестивальдар мен түрлі шаралардың лауреаттары, республикалық және халықаралық деңгейлердегі спорттық жарыстардың жүлдегерлері мен жеңімпаздары, сондай-ақ қызметі инновациялық болып табылатын және тиісті сала мен тұтастай қоғамды дамытуға ықпал еткен Қазақстан Республикасының 29 жасқа дейінгі азаматтары сыйлық алуға үміткер бола алады.

«Дарын» жастар сыйлығын алуға кандидатураларды ұсынуды мемлекеттік органдар, қоғамдық бірлестік өкілдері жүргізеді.

Барлық жеңімпаздарға ҚР Үкіметінің қаулысымен «2019 жылғы «Дарын» мемлекеттік жастар сыйлығының лауреаты» атағы беріледі және олар дипломмен, төсбелгілермен және ақшалай сыйлықтармен марапатталады.

Толық ақпаратты ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің ресми сайтынан алуға болады (qogam.gov.kz).

Естеріңізге сала кетейік, «Дарын» жастар сыйлығы Мемлекет басшысының бастамасымен 1992 жылы тағайындалған болатын. Әр жылдары Бақтияр Артаев, Серік Сәпиев, Илья Ильин, Денис Тен, Димаш Құдайбергенов, Мария Мудряк, «Муз АРТ» тобы, Қалқаман Сарин және басқа да азаматтар аталған сыйлықты иеленген болатын.

2017 жылдан бастап «Дарын» сыйлығы жыл сайын табысталады.

Ізденушілердің құжаттарын 2019 жылғы 10 тамызға дейін Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің Жастар және отбасы істері комитеті келесі мекенжай бойынша:

Нұр-Сұлтан қаласы, Мәңгілік ел көшесі, 8, Министрліктер үйі (15-кіреберіс, 549-кабинет), 8/7172/74-05-25, 8/7172/74-18-43 және premiya.daryn2019@gmail.com эл. пошта арқылы қабылдайды.

Қызылорда облысының әкімдігі мен мәслихаты, «Нұр Отан» партиясының облыстық филиалы, облыстық қоғамдық кеңес облыстық қаржы басқармасының басшысы Талғат Жақыпбаевқа әкесі

Жақыпбаев Өмірзақ Кенжебекұлының

қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

***

«Сыр медиа» ЖШС ұжымы облыстық қаржы басқармасының басшысы Жақыпбаев Талғат Өмірзақұлына әкесі

Өмірзақ Кенжебекұлының

қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

***

Облыстық қаржы басқармасының ұжымы басқарма басшысы Жақыпбаев Талғат Өмірзақұлына әкесі

Өмірзақ Кенжебекұлының

қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

***

Қызылорда облыстық Н.Бекежанов атындағы қазақ музыкалық драма театрының ұжымы театр қызметкері Гүлсая Изтелеуоваға қызы

Әминаның

қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

БАЛАЛАРДЫ ҚОРҒАУ КҮНІ

Көңілдің гүлі, өмірдің нұры

Шынында, бала – көңілдің гүлі, өмірдің – нұры. Халықаралық балаларды қорғау күні әлемнің түкпір-түкпіріндегі балаларға қуаныш сыйлайтын мейрам ғана емес, кішкентай балалардың құқығын қорғап, оларға қамқор болуға, әлімжеттік, қысым жасамауға үндейтін сәт.

Айсәуле ҚАРАПАЕВА.

Жадыраған жаздың алғашқы күнін балалар асыға күтеді. Себебі, жазғы демалыспен қатар келетін ең әсерлі, ең керемет мерекеде бүкіл әлем оларды өз құшағына алғандай. Барлық базарлық та, ыстық ықылас пен қамқорлық та, тәттілерге толы сыйлықтар да бұл күні кішкентайларға арналады.

Балаларды қорғау күніне орай қала әкімі Нұрлыбек Нәлібаев кішкентай тұрғындарды төл мерекелерімен құттықтады.

– Сіздер – біздің болашағымыз, бастаған ізгі істеріміздің жалғастырушысы, үкілеп ұшырған үміт-құсымыздың қанатысыздар. Біз үшін бұл өмірде сіздердің балғын жүздеріңізден нұр шашып, бар ықыласымен риза болғандарыңызды көруден асқан бақыт жоқ, – деп қала басшысы жылы лебізін білдірді.

Қазіргі таңда қаламызда мектепке дейінгі білім беру мекемелерінен 240 балабақша жұмыс жасауда. Қалада балабақша кезегінде тұрған 21 мыңға жуық 3 пен 6 жас аралығындағы бүлдіршіндердің барлығы 100 процент балабақшамен қамтылған. Елімізде ақпараттық қоғамның қалыптасуына орай, қаламыздағы «Алтын ұя», «Алпамыс», «Бегім Ана» балабақшаларында тағы бір жаңаша бастама қолға алынып, жас робототехника кабинеттері ашылды. Сонымен қатар, «2016-2020 жылдарда Қызылорда қаласының аумағын дамыту» бағдарламасы аясында 46 инклюзивті топ та ұйымдастырылды.

Қаламыздың кішкентай тұрғындарының құрметіне орай, саябақтағы барлық аттракциондар мен қоғамдық көлік тегін қызмет ұсынды. Әдемі мерекенің шырайын келтірген сайқымазақтар мен ертегі кейіпкерлері балаларға қызықты ойындар ойнатты. Балғындарға 1000 дана балмұздақ пен тәтті сусын таратылды.

Сонымен қатар, балғындар мерекесіне орай «Сыр мейірімі» қоғамдық қоры мен облыстық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы қайырымдылық шарасын өткізді. Оған әлеуметтік жағдайы төмен және көпбалалы отбасылардың балалары шақырылды. Мереке аясында қор директоры Сапура Әбдірахимова балапандарды құттықтап, бүгінгі күні елімізде ана мен балаға ерекше қамқорлық жасалып жатқанын тілге тиек етті. Мұндай қайырымдылық шарасын жасау дәстүрге айналғанын айта келе, демеушілік көрсеткен компания басшыларына алғысын білдірді. Демеушілер тарапынан кішкентайларға қаржылай көмек берілді.

«Қуантсаң, баланы қуант – ақылына сәуле түссін. Сәулелі ақыл – алысқа жетелейді, биіктерді бағындырады» дегендей, көзіміздің нұры болған балапандарымыз тек бір күндік мерекеде емес, әркез жақындарының жылуына бөленіп, үлкендердің қамқорлығын сезініп жүре берсін демекпіз.

Мерекелік көңіл күй аудандарда өз жалғасын тапты.

ҚАЗАҚ КҮРЕСІ

8 маусым күні Нұр-Сұлтан қаласындағы «Барыс-Арена» спорт кешенінде «Қазақстан барысы» республикалық турнирі өтеді. Дәстүрлі турнирге Сыр өңірінен спорт шеберлері Мақсат Исағабылов пен Нұрым Сәлімгереев қатысады.

Айнұр БАТТАЛОВА.

Жерлестерімізге жеңіс тілейміз

«Қазақстан барысында» облыс намысын қорғайтындар жуырда қаладағы «Евразия» спорт кешенінде өткен облыстық «Алтын белбеу» сайысында іріктелді. Оныншы мәрте ұйымдастырылған балуандар бәсекесі үш кезеңнен тұрды. Онда төрт жас деңгейінде 8000-ға жуық спортшы сынға түсті. Ал алтын белбеу иесін анықтайтын түйе палуан сайысына 24 спортшы қатысты. Осы додада Мақсат Исағабылов «Сыр барысы» атанып, «Алтын белбеу» белдігіне ие болды. Мақсатпен финалда белдескен Нұрым Сәлімгереев «Сыр арланы» атанды. Екі спортшы да осылайша республикалық турнирге қатысуға жолдама алған болатын.

Естеріңізге сала кетейік, «Қазақстан барысы» жобасы алғаш рет 2010 жылы Қызылорда облысында бастау алған. Ал 2011 жылдан бастап аталған турнир республикалық деңгейде өткізіліп келеді. Сыр өңірі балуандары арасынан бүгінге дейін Ұлан Рысқұл (2011ж), Еламан Ерғалиев 2017 жылы республикалық «Қазақстан барысы» атағын жеңіп алды.

Республикалық додада жерлестерімізге жеңіс тілейміз.

ӨНЕР

Өзбекстандағы Қазақстан жылы аясында І.Омаров атындағы Қостанай облыстық қазақ драма театрының ұжымы көрші елге гастрольдік сапармен барады.

«Мұңмен алысқан адам»

Сапар барысында өзбекстандық көрермен назарына Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, жазушы-драматург, жерлесіміз Жолтай Әлмашұлының «Мұңмен алысқан адам» драмасы ұсынылады. Шығармаға Францияда тұрып жатқан Асан қарияның туған жерге деген сағынышы өзек болған. Ерте заманда елінен жырақтаған ол қартайған шағында туған өлкесіне оралуды аңсайды. Әкесінің бұл арманына үлкен ұлы Марат қарсы келеді. Тек кіші ұлы Елжанның демеуімен атамекенге оралып, арманына жетеді. Автор осылайша жастардың шет ел асып, елге оралуға асықпайтынын, баланың ата-анаға құрметін әсерлі етіп жеткізуге тырысқан.

Басты кейіпкерді Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Қонысбек Бегайдаров сомдайды. Қоюшы режиссер – Қазақстанның халық артисі Ерсайын Төлеубай, қоюшы суретші – Маралбек Нұрмаханов. Спектакль Хамза атындағы Өзбекстан ұлттық академиялық драма театрында сахналанады.

«СБ» ақпарат.

Музыка әлемінде

Облыстық филармонияның ұйымдастыруымен Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» және «Ұлы даланың жеті қыры» мақаласы аясында «Музыка әлемі» атты концерт өтті. Концертте Тұрмағамбет атындағы халық аспаптар оркестрі өнер көрсетті.

Классикалық кеште ҚР Мәдениет саласының үздігі Күлдәрі Ізбанова мен республикалық конкурстардың лауреаты Руслан Балмасовтың дирижерлігімен оркестр орындауындағы Құрманғазының «Адайы», Сүгірдің «Мың жылқысы» мен Әлшекейдің «Терісқақпайы» көпшілік көңілінен шықты. Сондай-ақ, музыка майталмандары Джоаккино Россини, Сардар Фараджев, Латиф Хамиди секілді танымал шетел композиторларының да шығармаларын орындады. Бұған қоса, Әлия Жаналиева скрипкада халық әндерінен құралған попурри орындап, өнерсүйер қауымның ерекше ықыласына бөленді.

Айғаным ҚҰРМАШЕВА,
Қорқыт ата атындағы ҚМУ-дың 3-курс студенті

Салық төлеушілер назарына!

Қазақстан Республикасында тері бұйымдарын таңбалау бойынша.

Табиғи теріден жасалған бұйымдарды таңбалау бойынша сыртқы экономикалық қызмет тауарлар номенклатурасына сәйкес (СЭҚ ТН) тобына жататын тері бұйымдары таңбалауды енгізу туралы пилоттық жоба келісіміне сәйкес:

№	Тауардың атауы	Код СЭҚ ТН
1	Қаракүзен терісінен тігілген киімдер	4303 10 901 0
2	Кәмшат терісінен тігілген киімдер	4303 10 902 0
3	Ақ түлкі немесе түлкі (ұрғашы) терісінен тігілген киімдер	4303 10 903 0
4	Қоян немесе үй қояны терісінен тігілген киімдер	4303 10 904 0
5	Жанат терісінен тігілген киімдер	4303 10 905 0
6	Қой терісінен тігілген киімдер	4303 10 906 0
7	Табиғи теріден тігілген басқа да киімдер	4303 10 908 0

Осы тауарлар тізіміне қолғаптар мен бас киімдер немесе бөлшектері жатпайды.

Өнімде тек табиғи былғарыдан жасалынған ішкі төсеніш болған жағдайда, немесе сыртынан сырға бекітілген болса, олар да белгіленуі тиіс. Сыртқы киімнің сыртқы безендірулері (манжеттер, қалтаңыздың шеті, жеңдер, кімнің жағасы) бар киімдер белгіленуі тиіс емес.

Тері өнімдерін таңбалау тері өнімдерін өндіретін, әкелетін және сататын кәсіпкерлік қызметке ғана қатысты.

Жеке тұлғалар тері өнімдерін сатып алғанда, таңбалау талаптары қолданылмайды.

Тері бұйымдарын таңбалау – бекітілген үлгідегі тауарларға бақылау үшін (сәйкестендіру) таңбасын (БсТ) енгізу.

Бекітілген құжаттамаға сәйкес тауарларды таңбалау кезінде БсТ-ны енгізудің үш тәсілі қолданылуы мүмкін:

1. Тігілген (тауарларды дайындауда астарындағы тігіске БсТ-ны тігу)
2. Желімделген (зат белгіде бар бос орынға өзі жабысатын БсТ-ны жапсыру)
3. Жапсырма (желке бауға немесе ілгекке бекітілетін бір реттік пломбалайтын элементі бар пластикалық аспалы БсТ)

Салық төлеушілердің назарына Қазақстан Республикасында тауарларды таңбалау енгізілген уақыттан бастап сауда айналымында тек қана бақылау белгілері бар тері бұйымдары бола алады.

Сонымен қатар, салық төлеушілерге мәлімет үшін, Қазақстан Республикасы Қаржы Министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитетінің www. kgd.gov.kz сайтында «қызмет туралы» бөлімінде тері бұйымдарын таңбалау бойынша нұсқаулықтар мен заңнамаларды табуға болатынын хабарлайды.

Г.САПАРГАЛИЕВА,
Қызылорда облысы бойынша Мемлекеттік кірістер департаментінің Экспорттық бақылау басқармасының бас маманы.

Еркін қолжетімді арналар тізбесі қалай түзіледі?

«Қазір теледидар – адамның ең жақын досы. Ол сені әрі тыңдайды, қажет болса, өзі де саған бір күн ішінде әлемде болған оқиғалар бойынша бар шағымын айтып береді», – деп жазды Борис Кригер өзінің «Маськиннің Сенекке хаттарында».

Шынында да, дос, теледидармен бірге біз телехабар таратудың аналогты жүйесінен өттік, одан кейін цифрлық пішімде хабар таратқан жерсеріктік телевизияны игердік. Енді, міне, қазір жерүстілік цифрлық телехабар таратуды меңгеріп жатырмыз. Осының бәрі бір ұрпақтың өмірінде ғана қысқа тарихи кезеңде өтті, ал күтіп отырғанымыз одан да зор.

Ендеше, цифрлық хабар таратудың не екенін тарқатып көрелік.

Қазақстанда цифрлық телевизия туралы 2011 жылы-ақ айтыла бастады. Сол кездің өзінде «OTAU TV» жерсеріктік телевизиясы цифрлық пішімде хабар таратып, техникалық әлеуетін бірте-бірте күшейткен болатын. Осының арқасында жоғарғы сапалы кескін мен дыбысқа қол жеткізілді. Ал 2012 жылғы шілдеде телехабар таратудың цифрлық эфирлік (жерүстілік) желісі іске қосылды. Сол кезде Елбасы Н.Назарбаев цифрлық хабар таратуды Қазақстанды индустрияландыру бағдарламасындағы ең маңызды әрі қажетті шара деп атады. Осы миссия жолында бірте-бірте Қазақстан аумағының ең шалғай нүктелерін де қамти отырып, цифрлық телевизия жаңа өңірлерді «жаулауды» бүгінгі таңда да жалғастыруда.

Ақпараттың заманауи құралдарының бір жақсы жері олар бізге «жаһандық көлемде жар салуға» мүмкіндік береді. Жар салып-ақ жатырмыз. Ғаламтор кеңістігінде мынадай көңіл-күйдегі сұрақтарды кездестіру қиын емес: «Бізге қайта құру, өзгерту, жаңғырту неге керек? Телекөрерменге цифрлық ТВ-дан не пайда келер дейсің?»

Біріншіден, кәбілдік топтама сатып алмай-ақ, ай сайынғы абоненттік төлемсіз, түрлі-түрлі тегін телеарна санын жиырмаға дейін көбейтуге болады. Екіншіден, мәселе – сапада. Бұл – басты себеп. Бізді экранға байлайтын да осы – көріністің кереметтігі мен әдемі кескін емес пе. Сондай-ақ, еліміздің абырой-беделі мәселесін де ұмытуға болмайды. Бүгінгі таңда аналогты телевизияда қалып отырған елдердің саны саусақпен санарлық, олардың өзі алдыңғы қатарлы елдер деуге келмейді.

Естеріңізге сала кетейік, 2006 жылы Женевада Өңірлік радиобайланыс мәселихаты өтіп, онда аналогты телехабар таратудан цифрлыққа өту жөнінде Халықаралық конвенция қабылданды. Келісімге әлемнің 100-ден аса елі қол қойды, олардың қатарында Қазақстан да бар.

Жаппай «цифрға» көшу еуропалық Нидерланды мен Люксембургтан басталды, арада үш жыл өтер-өтпестен, 2009 жылы Құрама Штаттар өздерінде аналогты хабар таратудан толығымен қол үзгені туралы құлақтандырды. Бүгінде бүкіл Еуропа мен Латын Америкасының барлық дамыған елдері, Австралия, Қытай, Кавказ өңірі, тіпті Таяу Шығыстың кейбір елдері цифрлық хабар таратуға толығымен көшіп алды.

Аналогты жерүстілік желі бойынша қазақстандықтардың жартысынан астамына отандық телеарналардың бар болғаны төрт-бесеуі ғана қолжетімді еді. Барынша көп ақпаратқа қол жеткізуге деген ниет шалғайдағы елді мекендердің тұрғындарын өз үйлерінің шатырлары мен балкондарына жерсеріктік тәрелкелер орнатуға, яғни шетелдік жерсеріктік операторлардың қызметтеріне жүгінуге мәжбүр етті. Бүгінгі таңда цифрлық технологияларды енгізе отырып, мемлекет тіпті ең түкпірдегі ауылдардың тұрғындарына 15 шақты, тек республикалық қана емес, өңірлік қазақстандық арналарды да көруіне мүмкіндік беріп отыр. Осылайша, ауыл мен қала халқы арасындағы ақпараттық теңсіздік келмеске кетеді.

Телекөрермендер үшін тағы бір маңызды мәселе: қандай телеарналар қолжетімді арналар тізбесіне енді? Қазақстан Республикасының 18.01.2012 жылғы №545-IV «Телерадио хабарларын тарату туралы» заңында 13-бап еркін қолжетімді теле-радиоарналар тізбесінің қалай жасалатынын түсіндіреді. Ал ҚР 24.11.2015 жылғы. №419-V заңына сәйкес 2-тармаққа өзгерістер енгізілді, онда еркін қолжетімді арналар тізімінің ұйымдастырылу үдерісі былай сипатталады:

Конкурстық негізде әр телеарнаның – мемлекеттік конкурсқа қатысу туралы өтінім берген үміткердің контенті мұқият қарастырылады, ал телерадио хабарларын тарату мәселелері жөніндегі комиссия жеңімпаздарды бекітеді. Жеңімпаз телеарналар ішінен еркін қолжетімділікке арналған телевизиялық арналар тізімі қалыптастырылады. Бұл рәсім, заңға сай, кем дегенде, үш жылда бір рет өткізіліп тұруы тиіс. Сондықтан қолжетімді телеарналар тізімі уақыт өте келе өзгеруі мүмкін.

Ал телерадио хабарларын таратудың өңірлік операторлары теле-радиокомпаниялармен бекітілген шарттар негізінде еркін қолжетімді теле-радиоарналарды таратуға құқылы.

Егер сізді өз өңіріңіздегі қолжетімді телеарналар тізіміне кірген теле-радиоарналарға жасалған толық шолу қызықтырса, оны Tengrinews.kz сайтынан таба аласыз. Өз өңіріңіздегі қолжетімді арналар тізбесіне кірген теле-радиоарналар тізімін қарағыңыз келсе, оны tsetv.kz сайтынан таба аласыз.

https://tsetv.kz

www.facebook.com/syrboyi.kz/ https://twitter.com/syrboyi www.instagram.com/syrboyikz

Меншік иесі
СЫР МЕДИА
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

БАС ДИРЕКТОР
Аманжол ОҢҒАРБАЕВ
қабылдау бөлмесі тел/факс: 8/7242/ 70-00-36, 40-11-10 (1002)

БАС РЕДАКТОР
Қуат ШАРАБИДИНОВ
қабылдау бөлмесі – тел: 8/7242/ 40-02-17, 40-11-10 (1007)

Бас редактордың орынбасары – 40-11-10 (1053)
Жауапты хатшы – 70-00-81 (1037)

Бөлімдер:
руханият және ақпарат – 40-11-10 (1039, 1040)
экономика – 40-11-10 (1038, 1033)
әлеумет және саясат – 40-11-10 (1034)
жарнама – 70-00-52, 40-11-10 (1058)
есеп-қисап – 70-00-39, 70-00-38
компьютер орталығы және корректорлар – 40-11-10 (1036, 1035)

Қызылорда облыстық «Сыр бойы» газеті
ҚР СТ ИСО 9001-2009 «Сапа менеджменті жүйесі» талаптарына сәйкес сертификатталған.
Авторларға қаламақы тапсырыс бойынша төленеді, қолжазба өңделеді және қайтарылмайды.
Жариялымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді.
“АҚ” - ақылы қызмет.
Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет аптасына 3 рет (сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері) шығады.

Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркелген.
Тіркеу куәлігі № 12993-Г, 27.08.2012 ж.

Газет редакцияның компьютер орталығында қатталып, “Сыр медиа” ЖШС өз баспаханасында басылды.
Тел.: 8/7242/ 40-06-68.
Газеттің таралымы бойынша 8/7242/ 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.

Редакция мекен-жайы: Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4 “А”. | e-mail: syrboyi@yandex.kz / www.syrboyi.kz | Таралымы 29259 Тапсырыс №851 | Кезекші редактор **Шынар БЕКБАН.**